




***Шетел филологиясы, лингводидактика
және аударма ісінің өзекті мәселелері***

**VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинардың жинағы**



Нұр-Сұлтан - 2020

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
III 50

Бас редакторы – филология ғылымдарының докторы, профессор
А.Е. Бижкенова

Редакторлық алқасы:

Филология ғылымдарының докторы, профессор К.К. Дуйсекова
Педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор К.Н. Булатбаева
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Г.К. Кенжетаева
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Н.З. Жуманбекова
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. М.Л. Анафинова

Техникалық редакторы - Смагулова М.Г.

III 50 Шетел филологиясы, лингводидактика және аударма ісінің өзекті мәселелері. VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинардың жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Мастер По» ЖШС, 2020. – 141 б.

ISBN 978-601-326-420-2

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің филология факультеті шетел филологиясы кафедрасында жылына бір рет ашық түрде өтетін VIII ғылыми-тәжірибелік семинарының жинағына қатысушылардың ізденіс жұмыстары кіргізілген. Шетел филологиясы, шет тілдерін оқыту, және қазіргі таңдағы аударма мәселелеріне арналған ғылыми жазбалар енді.

Мәтіндер мағынасы мен стилистикасы авторлардың жауапкершілігінде.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-326-420-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

ҚҰТТЫҚТАУ

2020 жылдың 5 сәуірінде Филология ғылымдарының кандидаты, Шетел филологиясы кафедрасының профессоры Гүлнәр Құсайынқызы Сәрсикеева 70 жасқа толды.

Гүлнәр Құсайынқызы, С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтының шет тілдер факультетінің түлегі, өзін туған *Alma mater* қабырғасында педагогикалық қызметіне арнады. Ұзақ жылдар бойы француз тілі кафедрасының, кейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің роман-герман тілдері кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Г.К. Сәрсикеева кандидаттық диссертациясын қорғап, тіл білімі доценті ғылыми атағын алды. Ал 2017 жылы ол Париж қаласындағы университетте аударма саласындағы философия докторы ғылыми дәрежесіне диссертация қорғап, Францияның PhD дипломын алды.

Гүлнәр Құсайынқызы білім беру қызметімен қатар, аудармамен айналысты және француз тілінің тәжірибелі аудармашысы болып танылды. Ол француз аудармашыларымен қосылып Францияда қазақ жазушысы, ақын және ағартушы Абай Құнанбаевтың "Қара сөздерін" аударып жарыққа шығарды. Сонымен қатар басқа да қазақ шығармалары, оның ішінде қазақ ертегілері Г.Қ. Сәрсикееваның аудармасымен француз тілінде жарық көрді.


Г.Қ. Сәрсикеева бүгін де Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті Шетел филологиясы кафедрасында белсенді жұмыс атқарып келеді.

Г.Қ. Сәрсикеева филология факультетінің еңбегі сіңген оқы-тушылар қатарына кіреді.

Факультет пен кафедра ұжымы Гүлнәр Құсайынқызы Сәрсикееваны мерейтойымен құттықтап, одан әрі шығармашылық табыс тілейді!

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Филология факультеті мен
Шетел филологиясы кафедрасының ұжымы

30 сәуір, 2020 ж.,
Нұр-Сұлтан қаласы





САРСИКЕЕВА ГҮЛНАР ҚҰСАЙЕНҚЫЗЫ
(туған жылы 05.04.1950)

КСРО ЖАК филология ғылымдарының кандидаты, доценті, Париж Нантер университетінің философия докторы, /PhD/, мамандығы: "Sciences du Langage",
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Шетел филологиясы кафедрасының профессоры,
Академиялық Пальма Орденінің Шевальесі (Франция, 2010)
Қазақстан мен Францияның арасындағы мәдени қарым-қатынастарының дамуына
қосқан үлесі үшін

Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Білім. Кәсіби қызмет

1970 ж. - Сәкен Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институты түлегі ;

1979-1989 ж. - ЦМПИ француз тілі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент;

1989-2001 ж. - Алматы қ.: Қазақ Мемлекеттік Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің француз филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті және қосымша қызмет істеушілік - "КАТКО-AREVA" қазақ-француз компаниясының аға аудармашысы» Қазақстанның оңтүстік және батыс облыстарында;

2001-2008 ж. - ЕҰУ роман-герман тілдері кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доценті;

2008 ж. - ЕҰУ Филология факультетінің Шетел филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті;

2018 ж. - қазіргі таңда, Нұр-Сұлтан қаласындағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде Филология факультетінің Шетел филологиясы кафедрасының PhD, профессоры.

Ғылыми және аударма қызметі

Ғылыми бағыттары: Француз филологиясы, Абайтану, Аударматаным.

Шетел филология кафедрасында теориялық және практикалық сабақтарын жүргізу, магистранттар мен докторанттардың диссертацияларының ғылыми басшылығын іске асыру.

2002-2004 ж., 2018ж - «Опера мен Балет театры», кейіннен-Астана-Опера» Мемлекеттік Опера Театрында француз дирижерлері мен балетмейстерлерінің балет, спектакль және опера қойылымындарының француз тілінің аудармашысы;

2008-2017 ж. - халықаралық жобалардың мүшесі (Испания, Германия және Франция (с): "EUROPHRAS. European Society of Phraseology. "Еуропада және одан тыс жерлердегі кең таралған идиомалардың полилингвалды сөздігі". 2012 ж. 1 томы мен 07.10. 2014 ж. 2 томы 07.10. әлемге әйгілі "Peter Lang Publishing Group" баспасында жарық көрді. Réf : www.widespread-idioms.uni-trier.de;

2009 ж. - қазіргі уақытқа дейін "ESFAM" (Болгария) Халықаралық Бағдарламасының тұрақты үйлестірушісі: магистратураға түсу, біліктілігі: "экономика магистрі" бейіні бойынша – ref.- <http://www.bulgaria-france.net/>. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Филология факультеті 40 астам түлектер мен Алматы қ., Қостанай, қала-ларының де София қаласындағы басқару және менеджмент мамандықтар бойынша Франко-фония Институтының Жоғары Мектебін «ESFAM» сәтті бітіріп, Қазақстанда дипломда-рына сәйкес жұмыс жасайды;

2011 ж. - халықаралық коллоквиум ғылыми Комитетінің мүшесі және модератор (Гранада, Испания), сондай-ақ 2017ж осы лауазымдарда - Стамбул қ. (Түркия) Техникалық университетінде. Францияда, Испанияда, Флоренцияда Венгрияда, Румынияда, Ресейде және Қазақстанда 60-тан астам форумдар, конгресстер, коллоквиумдар материалдарының жинақтарында француз тіліндегі ғылыми баяндамалар жарияланды: **17.09.2016 ж.** - "Gestion des ressources et gouvernance" Халықаралық экономикалық коллоквиумда ғылыми комите-тінің мүшесі, баяндама тақырыбы.: «La culture du Kazakhstan et son impact sur les politiques d'environnement ». Roumanie, Université Titu Maiorescu. Экономистер осы баяндама туралы өте жақсы пікірлерімен бөлісіті;

17.08.2017 ж. - "Болашақ энергиясы: Әйелдер, бизнес және жаһандық экономика" жобасының мүшесі, Астана қ., www.expoandwomen, пленарлық сессиядағы ғылыми баяндаманың тақырыбы: "Мәдениет тұрақты даму факторы ретінде";

21-23.09.2017 ж. - Халықаралық конференцияға «Соғыссыз әлем, Жібек жолындағы кездесу» атты сарапшы ретінде. М.М. Әуезов шақыруы бойынша Алматы қаласына ғылыми іс-сапар.

2017-2018 ж. - желтоқсан- қантар айларында Эрасмус+бағдарламасы аясында ВАЛАНСЬЕН-ЭНО-КАМБРЕЗИ университетінде (Франция) студенттер мен магистрант-тарға) -француз тілінде 15 сағат дәріс оқу;

2018 ж. – Мемлекеттік бағдарламасы "Қазақ тіліндегі 100 классикалық туындыны шет тілдеріне аудару» аясында қазақ тілінен француз тіліне 2 әдеби шығарманың аудармасы: Уәлихан Ысқақ "Қоңыр күз еді", және Асқар Сүлейменов "Қара шал" .

2019 ж. - Тұңғыш Президентінің "Рухани жаңғыру"атты мақаласын қазақ және орыс тілдерінен француз тіліне аудару;

2020 ж. - Абайдың 175 жылдығына байланысты ЕҰУ іс-шараларына қатысу: телеар-наларға (КазИнформБюро, Қазмедиа радиосы Егемен Қазақстан газетіне қаз. және орыс тілінде сұхбат беру. Егемен КЗ газетіне қазақ тілінде мақала жазу., Абай «Қара сөздер» француз тіліндегі шығармасынан үзіндіні әлеуметтік желіде оқу.

"Нұр Отан" партиясының тұрақты мүшесі, Француз Альянсы жанындағы француз тілі оқытушылары қауымдастығының мүшесі.

Кітап аудармалары

1. Абай "Қара сөздер", "Білім" баспасы, Алматы, 2001, рег. 2005 жылғы 27 шілдедегі № 166 қаулысы (бірлескен авторлықта).

2. Қазақ халық ертегілері: "Ер Төстік.", изд.: "Акарман-медиа", Астана, 2010 ж., 72 пл. – (цветн. иллюст.). рег. 2010 жылғы 13 шілдедегі №1245

3. М. Шаханов. "Тайна, унесенная Чингисханом", изд.: "SAR Béar" Perpignan, 2005, (Франция), (орыс тілінен француз тіліндегі аудармасы) рег. 2005 жылғы 29 маусымдағы № 137 (бірлескен авторлықта).

4. "Қазақ халқының мәдениеті туралы антология: тарих, әдебиет және өнер" кітабы, социология ғылымдарының докторы Ванда Дресслермен (Франция) бірлесіп дайындалған кітап. 380бет. Париж қаласындағы "CARACTERE" баспасына тапсырылды.

Марапаттаулар мен көтермелеулер

2002 ж. - ҚР Білім Министрлігінің Құрмет грамотасы

2006 ж. - ҚР БҒМ Мемлекеттік гранты: " ЖОО Үздік оқытушысы" 2006 ж;

2008 ж. - Диплом және Күлтегін медалі – « ЕҰУ Мақтанышы»;

2010 ж. - "Болашақ" Халықаралық Президенттік бағдарламасының Мемлекеттік Гранты»;

2010 ж. - ҚР-дағы Франция Елшілігі: сертификат және ордені: Академиялық Пальма Шевалье атағы ордені: Қазақстан мен Франция арасындағы ғылыми және мәдени қатынас-тарды дамытуға қосқан үлесі үшін;

2012 ж. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің 50 жылдығына орай «Құрмет грамотасы»;

2016 ж. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті: «ЕҰУ-нің 20 жылдығына» орай «Құрмет грамотасы».



Содержание

Құттықтау.....	3
СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И СОДЕРЖАНИЕ ИНОЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ	
<i>А.А. Адылханова</i> МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ В ШКОЛЕ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ.....	7
<i>Г.Д. Баубекова, К.Н. Булатбаева</i> ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ НА ОСНОВЕ ФОЛЬКЛОРА КАЗАХСКОГО НАРОДА	11
<i>A.S. Vervein, N.Z. Zhumanbekova</i> NATIONAL SOCIO-CULTURAL STEREOTYPES OF SPEECH COMMUNICATION.....	17
<i>Гладко М.А.</i> ТЕМАТИЧЕСКИЕ ДОМИНАНТЫ В МЕДИАДИСКУРСЕ БЕЛАРУСИ.....	21
<i>Ерланов Е.Е.</i> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТАРИХИ СИПАТЫ.....	26
<i>Исабекова С.З.</i> АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ И ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ К ИНОЯЗЫЧНОМУ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ОБЩЕНИЮ В КОНТЕКСТЕ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»	32
<i>Отызбаева К.Ж., Дюсенгалиева А.А., Загоруля О.Л.</i> ВЛИЯНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РЕЧЬ СОВРЕМЕННОГО ПОДРОСТКА.....	39
ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА	
<i>A.B. Yertostikova, A.E. Bizhkenova</i> POETISCHER DISKURS DER FRÜHEN LYRIK VON A.A. ASHMATOVA.....	45
<i>Жабигенова Г.С.</i> ЛИЧНОСТНЫЙ СМЫСЛ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ КУНАНБАЕВА «СЛОВА НАЗИДАНИЯ» И МИШЕЛЯ МОНТЕНЯ «ОПЫТЫ».....	51
<i>Искандерова А. Н</i> ПРИНЦИПЫ И ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ОРОНИМОВ.....	58
<i>Каримова Н.Б.</i> О ТАЛАНТЕ ТВОРЦА.....	62

Кинжагалиева К.У, Нуркенова С.С.	
СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР.....	65
Мырзалы М.Б., Сарсикеева Г.К.	
АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕР» ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ.....	70
Ниязбекова Г.М., Сарсикеева Г.К.	
“THE EFFECT OF LIFE” AS AN IMPLEMENTER OF THE AESTHETIC FUNCTION IN LITERATURE.....	77
Сапабеков С.М.	
ПОСТМОДЕРНИСТСКАЯ ПРОЗА В ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА	83
Спиглазова Г.И	
L’ENSEIGNEMENT DU FRANCAIS LANGUE ETRANGERE EN QUATRIEME ANNEE D’ETUDE.....	88
Шишковский С.А.	
К ВОПРОСУ О ПОДХОДАХ К ИЗУЧЕНИЮ ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТИ.....	92
ВОПРОСЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ	
Байгужина Ж.К	
ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ.....	99
Боранбаева А.М.	
THE SPECIFICITY OF WRITTEN BUSINESS COMMUNICATION.....	105
Дуйсекова К.К., Кенжигожина К.С.	
К ПРОБЛЕМЕ ПЕРЕВОДИМОСТИ И НЕПЕРЕВОДИМОСТИ (по следам перевода «Қара сөздер» Абая на французский язык).....	108
Ерходжаева М. А	
ІЛІЯС ЕСЕНБЕРЛИН «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫНДАҒЫ РЕАЛИЯНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ	112
Загидуллина А.А.	
СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ТОПОНИМОВ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ.....	118
Кадырбаева А.С	
ЗАИМСТВОВАНИЯ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ: ПРОЦЕСС ОБОГАЩЕНИЯ ИЛИ АССИМИЛЯЦИИ ЯЗЫКА?.....	123
Қоңқабаева А.Т.	
КІДІРІСТІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	128
Оспанова Ж.Т., Толыбаева К.К.	
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МЕТАФОРИЧЕСКОГО ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ.....	135

7. Abdikerimova G., Duisekova K., Bissenbayeva Zh. The value dominant “Laicite” as part of the media picture of the world of France // XLinguae, Volume 13, Issue 1, 75-85 pp.
8. http://www.xlinguae.eu/2020_13_01_06.html ISSN 1337-8384, ISSN 2453-711X DOI: 10.18355/XL.2020.13.01.06 (Scopus, 1 Q) January 2020.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫНДАҒЫ РЕАЛИЯНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Ерходжаева М. А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
87mali87@mail.ru

Ғылыми жетекші-Сарсикеева Г.К

Ph.D (Париж Нантер Университеті, Франция) профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
gsarsikeieva@yahoo.fr

Abstract: In the history of each nation, unique names praise the rich history and culture of their nation. The article considers the classification of realities based on their content and compares the strength of their English equivalents in terms of connotative, semantic equivalence.

Аңдатпа: Әр халықтың тарихында өзіне ғана тән атаулар өз ұлтының мол тарих пен мәдениетінің бай екендігін қошеметтейді. Мақалада реалиялардың мазмұнына сүйене отырып, саралаумен топтастырылуын және олардың ағылшын тіліндегі баламаларының күші коннотативтік, семантикалық тұрғыдан барабар екендігін салғастырылуы қарастырылады.

Түйін сөздер: реалия, аударма тәсілдері, көшпенділер, рухани мәдениет

Көркем мәтіннің зерттелуі әр уақытта пәнаралық ыңғай арқылы жаңа ағымдармен салалаларға толығуы хақ. Заманның даму үрдісі когнитивті лингвистика, этнолингвистика, тілтанымдық корпус т.б. пәндердің туындауына жол ашты. Бүгінгі зерттеу көркем мәтіндердегі баламасыз сөздер қатарындағы реалиялаға бағытталады.

Реалия сөзінің төркіні латын тілінен пайда болып, «realis» – «заттық, шындық» мағыналарына сай аударылса, ал, жалпы мағынасы - әр халықтың өмірі, тұрмысы, салт-дәстүріне, тарихына, әлеуметтік және рухани мәдениет ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Бұл термин күнделікті тұрмыстағы тіршіліктен пайда болып, мәдениетте, әдебиетте, қарым-қатынаста қолданылатын бір ұлтқа тән сөздер, ұғымдар.

Сонымен, көркем мәтіндердегі реалия мәселесі XX ғасырдың екінші бөлігінен бастап зерттеліп келеді. Әр зерттеуші өзінің мектебі мен зерттеу нысанына байланысты сараланымдық ыңғай негізінде анықтамалар берген. С.Влахов пен С.Флоринның «Непереводимое в переводе» атты мақаласында реалияға келесі анықтаманы береді: «Реалия бір ұлттың әлеуметтік және тарихи дамуын, мәдениетін, тұрмысын сипаттайтын және басқа ұлт өкілдеріне жат сөздер» [1,104б] дей келе, ұлттық ерекшеліктердің бояуын сақтаушы сөздер ретінде алғаш рет XX ғасырдың 50 жылдарында зерттеу жұмыстарына көңіл бөлінгендерін жазады. Реалия-ол мәдени-таңбаланған сөздер деп келесі зерттеушілер, яғни Л. Бархударов, В.Н. Комиссаров, Н. Крупнов, Л.К. Латышев, Т.Р. Левицкая, А.М. Фитерман, А. Лилова, А.В.

Федоров өз зерттеулерінде анықтама ұсынған. Ал 1958 жылы, А.Е. Супрун реалияны «экзотикалық лексика» ретінде талқылайды. Е.В. Бреусовтың ойынша: «Реалия белгілі бір ұлттың рухани және материалды мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, өміріне қатысты түсініктер» [3,486] деп тұжырым жасаған.

Реалия әдеби шығарманың құрылысы мен мазмұнның, яғни диалектикалық бірліктің функциясын ерекшелендіруіне мүмкіндік туғызады деген де тұжырым әбден орынды. [4,456].

Классификация/топтастыру мәселесі төңірегінде нақты ортақ бірыңғай ой болмағандықтан, әр зерттеуші өзіндік топтастыруын ұсынған болатын. Атап айтар болсақ, А.Е.Супрун өзінің еңбегінде реалияларды «заттық ерекше-ліктеріне байланысты бірнеше семантикалық топтарға» жіктейді. Бұған кейіннен В.И. Репиннің топтастыруы да сәйкес келген. Ал, А.А. Реформатскийдің топтастыруы бойынша төмендегідей жүйелеген болатын:

- а) жалқы есімдер;
- ә) атақтар;
- б) тиындар;
- в) костюмдер мен әшекей бөлшектері;
- г) тағамдар мен сусындар;
- ғ) қаратпа сөздер мен титулдар/ [5,696].

В.С. Виноградовтың пайымдауынша реалиялар ұлттық бояуға бай баламасыз лексика қатарына жататын сөздер деп түсіндіреді. Оның зерттелуі латын-американдық материал негізінде қарастырылып, фондық ақпарат беретін бұл лексика қорын төмендегідей бірнеше тақырыптық топтарға бөледі:

1. Тұрмыстық реалиялар қатарындағы лексика:

- а) Тұрғын-үй, мүлік;
- б) Киім-кешек, құрал-жабдық;
- в) Тағам, сусындар;
- г) Еңбек, кәсіп түрлері;
- д) Ақша және өлшем бірліктері;
- е) Музыкалық инструменттер, ұлттық билер мен әндер;
- ж) Ұлттық мейрамдар, ойындар;

2. Этнографиялық және мифтік реалиялар қатарына лексика;

- а) этникалық және әлеуметтік қоғамдар мен олардың мүшелері;
- б) Құдайлар, ертегі кейіпкерлері, аңызды жерлер;

3. Табиғат әлеміндегі реалиялар қатарына жататын лексика;

- а) Хайуандар;
- б) Өсімдіктер;
- в) Ландшафт, табиғат көрінісі;

4. Ономастикалық реалияларді білдіретін лексика

- а) Антропонимдер;
- б) Топонимдер;
- в) Әдебиет кейіпкерлерінің есімдері;

г) Компания, мұражай, театр, мейрамхана, жағажай, әуежай т.б. атаулар деп негізгілерін атап көрсетті [6,78]. Замандастырына ілесе зерттеулерімен толықтыра отырған В.С. Бархударов өзінің зерттеулерінде реалияларды – баламасыз лексикаға жатқыза отырып, оларды мынадай категорияларға бөліп көрсетті:

1. Жалқы есімдер, географиялық атаулар, ұйымдар, мекемелер атаулары, яғни, басқа тілде олардың сәйкестігі болмайды.

2. Басқа тілде сөйлейтін адамдардың тәжірибесінде, өмірінде кездеспейтін, кейбір заттарды, түсініктерді білдіретін реалия сөздері.

3. Кездейсоқ лакуналар/кемістіктер екінші бір тілдің сөздігінде сәйкестігі жоқ сөздер [6,94-95].

Ал, отандық зерттеушілерден Р. Сәрсенбаев ұсынған реалиялар жіктмесі де жоғарыда атап кеткен ғалымдардың топтастыруынан алшақ емес.

1. Кейбір табиғатқа байланысты сөздер мен этнографиялық сөздер: Бұл сөздерге *айран, сексеуіл, жұт, тайга, бәйге* т.б. атаулары, *әдет-ғұрыптық атаулар, тайпа, ру аттары* жатады. Бұлар көбінесе аналогы/ сөз теңдесі жоқ сөздер болғандықтан басқа тілде ешбір өзгеріссіз беріліп отырады.

2. Фольклорлық реалия сөздері:

Бұл топқа *әзірейіл, қорған, жын, сүре, жырау, айтыс*, т.с.с. сөздер жатады. Бұған музыка аспаптарын да қосуға болады (домбыра, сыбызғы, сазсырнай, қобыз).

3. Тұрмыстық реалия сөздер: Бұл топқа баспана атаулары (*сакля, шаңырақ, изба*), *жиһаз атаулары (сандық, кровать)*, *ыдыс-аяқ атаулары (саба, қоржын, торсық, күбі)*, *киім-кешек атаулары (шапан, сарафан, тымақ)*, *еңбек құралдарының атаулары (кетпен, құрық, қамшы)*, *тамақ атаулары (қымыз, қуырдақ, щи, борщ, палау, шницель)*, *өлшемдік атаулар (сажень, миль, фунт, доллар, сүйем, елі т.б.)* жатады.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың классификациясына сүйене отырып, біздің «Алмас Қылыш» романындағы реалияларды шығарма мазмұны негізінде өзімізше классификация жасауға тырыстық. «Көшпенділер» трилогиясының бірінші бөлімінде көбіне адам аттары, жер-мекен аттары, соғысқа қатысты – *әскер, құрал-сайман, жылқыға* қатысты атаулар жиі кездеседі. Тұтас іріктемелі әдіс арқылы романнан 340 астам атауларды талдауға жүгіндіріп, оның ішінде жиі кездескен реалияларды тақырыптар бойынша жіктедік:

1. Жалқы есімдер(тарихи есімдер, лақап аттар): Шыңғысхан, Әбілқайыр, Жошы, Жағатай, Үгедей, Төле, Берке, Өзбек хан, Жәнібек хан, Ақсақ темір, Өз Тәуке, Қазыбек би, Асан Қайғы;

2. Жер-мекен аттары: Қарақұрым, Алтын Орда, Сарыарқа, Дәшті-Қыпшақ, Ақ Орда, Керей, Жетісу, Мауреннахр, Қорасан;

3. Су аттары: Еділ, Жайық, Жейхүн, Сейхүн;

4. Ру-тайпа аттары: Үйсін, дулат, қаңлы, жалайыр, Арғын, Қыпшақ, Маңғыт;

5. Әлеуметтік дәрежені білдіретін атаулар: Әмір, сұлтан, бек, би, батыр, мырза, жыршы, ақын, төре, құшбегі, нөкер;

6. Әскери-жорыққа байланысты атаулар: Оңбасы, жүзбасы, мыңбасы, ноян, қолбасшы, түмен, жүздік;

7. Зоонимдік атаулар (әсіресе жылқы атауларының түспен байланыстыра аталған атаулар): Жылқы, ат, салт атты; Көк буырыл, Ақбоз, қара көк, бөрте, теңбіл көк, құлагер, күлсары;

8. Фольклорлық реалия сөздері/ діни-наным сенім.: Насрани, Аббасид халифаты, әулие шыңы, бәйге, жырау, айтыс [7,5-156бб].

Реалияны аудару проблемасы аудармашыларды толғандыратын мәселе. Реалияларды аудару барысында қиындық тудыру себебі, яғни олар белгілі бір ұлт немесе халықтың тұрмыс тіршілігіне тән құбылыстар болып келеді. Сондықтан аудармашылар реалияларды аудару кезінде туындайтын бірнеше қиындықтарды атап кетсек:

- Тіл тасымалдаушысында айтылып отырған реалия нысанының (референті) жоқтығынан баламасының (эквиваленттің) болмауы;

- Реалиялардың заттық (семантика) мағынасымен қатар— оның ұлттық және тарихи(колоритті -коннотация) бояуын беру қажеттілігі.

Бұл аудармада реалияларды дұрыс беруде сәйкес таңдау кезде түпнұсқа мәтінінің семантикалық және коннотативтік мағынасын оқырманның түсінігіне жеткізу үшін автордың реалияларды беру тәсілін есепке алу қажет.

Реалия берілген ақпаратты функционалды рөлін ескеру - аударманың прагматикалық аспектісінің маңызды қағидасы болып табылады. Алайда реалияны сол қалпы сақтау немесе оны басқа мәдениеттегі баламамен ауыстыру әрдайым мүмкін бола бермейді. Бұл әсіресе сөздің лексикалық мағынасының ерекшеліктерін құрайтын жанама тақырыппен нақты ассоциацияларды беру кезінде жиі байқалады. Ұлттық мәдениеттің ерекшелігін көрсететін нақтылықтар шет тілдері мәдениеті өкіліне әрдайым қол жетімді болмайтын, жарқын бейнені қалыптастыратын түсініктерге ие бола алады. Мұны ұлттық-мәдени бірлестіктерді толығымен ашу - тіл үйретудегі лингвистикалық және аймақтық аспектінің маңызды міндеті. Аударма процесінде шет тілдік реалияны алмастырудан сақ болу керек. Кейде аудармашылар түпнұсқаның маз-мұнын өз тілі мен мәдениеті тұрғысынан түсіндіреді. Бірақ аударманың бұл түрі бастапқы хабарламаның бұрмалануына әкеледі және оны аударма теориясында жағымсыз құбылыс ретінде қарастырған жөн. Ал, кейбір жағдайда реалияның екінші тілден үшінші тілге аударылғанда (яғни бастапқы мәтіннен емес, аударма мәтіннен келесі тілге аударылғанда) реалияның ұлттық колориті түбегейлі өз мағынасын жоғалтуы әбден мүмкін.

Жоғарыдағы талдап кеткен классификация негізінде, реалиялардың ағылшын тіліне аудару тәсілдерінің I. Есенберлиннің «Алмас Қылыш» романының түпнұсқа мәтіні мен ағылшын тіліне аударылған нұсқаларын салғастыру негізінде талдау жасайық:

1. Жалқы есімдер – тарихқа, мәдениетке, географиялық атаулардың ең жиі қолданатын саласы – әдебиет. Мұндағы жалқы есімдерге стильдік қызмет

тән емес, олардың негізгі функциясы ақпараттың, мәліметтің дәлме-дәл, шындыққа сай, түсінікке кедергісіз түрде жеткізілуіне ықпал етуді қамтамасыз ету. Осы негізге сүйене отырып та аталмыш романда берілген кісі аттарының дерлік барлығы да транслитерация мен транскрипция негізінде аударылып, әріптердің фонетикалық заңдылықтарын бұзбауға тырысқан. Оған төмендегі мысалдар дәлел бола алады:

«Шыңғысханның төрт ұлы болған: Жошы, Жағатай, Үгедей, Төле» [7,96]. Ағылшын тіліндегі нұсқасы: «Genghiz Khan has four sons: Jutchi, Jagatai, Ugedei, Tuleh» [8,56].

«Әбілқайыр ернін жыбырлатып оқи бастады» [7,126]. – «Abul khayr's lips moved» [8,96]. Мұндағы көңіл бөлдіретін жайт – аудармашы Abul khayr есімін екі бөліп жазғандығы. Бұған екі себеп болуы мүмкін: а) есімді мұндай үлгіде жазу шетел оқырманына қазақ тарихынан қосымша ақпарат беріп тұрғандай; ә) аударманың орыс тіліндегі нұсқасынан аударылғандығынан.

-Жалқы есімдер қатарына лақап аттарды да жатқызуға болады. Алайда лақап аттар жалқы есімдермен бірдей болмағандықтан, аудармашы калька тәсілімен береді. Мысалы: Ақсақ Темірдің романдағы аударылған тәсіліне үңілсек: «..Ақсақ Темір көргенмен алысып өткен Орыс ханның кезінен-ақ бауыр басты» [7,1456]. «Khan Urus measured swords with Lame Timur himself» [8,986]. Алайда аудармашы келесіде «Too vast was the territory the Iron Lame crushed down once» [8,2566]. Мысалдардан көріп отқандай аудармашы түпнұсқада келген Ақсақ Темір лақап аттарын алғашында калька, транскрипция тәсілдерімен берсе – Lame Timur, келесіде – Iron Lame деп, лақаптан басқа жалқы есімді қоса – Iron аударған. Алайда, менің ойымша аудармашының сәтті аударған нұсқасы – Timur the Lame.

2. Жер–мекен аттары немесе топонимдер. Топонимдер жер бетіндегі кез-келген табиғи немесе адам жасаған объектілер атауынан тұратын жалқы есімдер. Олардың ортақ белгісі – кез-келген географиялық объектіні атау. Романда жиі қайталанған атауымыздың бірі- Дәшті Қыпшақ. Оның тарихи маңыздылығы зор болғандықтан, трилогия бойында кездесу жиілігін ескере кетуді жөн көрдік. «Көшпенділер» трилогиясында бұл атау 136 рет кездессе, ағылшын тіліндегі тәржімаланған аудармасында 97 рет кездеседі. «Ал Әбілқайыр бауыр басып қалған Дәшті Қыпшаққа ешкімді ортақ етпек емес». «No, he couldn't allow them to do that since Desht-and-Kipchak was the basis of everything» [8,456].

Аудармашы бұл топонимді транслитерация тәсілімен аударып, ағылшын оқырманына кеңірек мәлімет беру, әрі түсіндіру үшін сол беттің соңында түсіндірме берген. «Desht-and-Kipchak name of the territory in modern Kazakhstan, South Russia and Siberia, literary- land of Kipchak's ». Аудармашының мұндай түсіндірме беруі өте орынды. Себебі атау өз мағынасын сақтап, келесі тіл аудиториясына да түсінікті болмақ.

«Сарыарқа» - трилогияда бұл атау үш түрлі аударылғанын байқаймыз. Романда Сарыарқа 42 рет кездессе, оның Golden Arka деп үш рет, Sary Arka деп 12 рет, Sary Arki деп екі рет кездеседі. Романдағы үзіндіге көңіл бөлейік:

«Еділ өзенінің сағасындағы Алтын Орда астанасы Сарай қаласынан «Сарыарқадағы елімді көремін» деген сылтаумен оң түмен қолмен күйікке қарсы жүрген»[7,78]

«The Golden Horde's troops moved to meet him. Baty said he wanted to find out what the situation was like in his possessions in Sary Arka» [8,566].

Келесі бір нұсқасы – «The set up light camp-tents by the hill, at the foot of Argynaty, one the most beautiful places of the - Golden Arka»[8,776].

Жоғарыдағы мысалдардан қарап отқанымыздай, аудармашы Олег Чоракаев «Сарыарқа» атауын транслитерация және калька тәсілімен аударған. Алайда мұндағы ұтымды аударылған нұсқасы әрине - Sary Arka.

Әлеуметтік дәрежені білдіретін атаулардың аударылу тәсілі көбіне транскрипция (транслитерация) арқылы берілген.

Әмір – emir

Сұлтан –sultan

Бек – bek

Би – biy

Батыр – batyr

Мырза –mirza

Жыршы – zhirchi

Ақын – akyn

Төре – tyureh

Құшбегі – kush-begi.

Алайда осы топқа жататын нөкер сөзі калька, әрі сипаттама тәсілдерімен аударылып, романда екі түрлі нұсқамен берілген. «Нөкер» сөзі бірде – «nuker» берілсе, бірде – «body-guard» (яғни телехронитель мағынасында) болып берілген.

Ойымызды қорытындылай келе, тарихи роман «Алмас қылыш» ты аудармашы Олег Чоракаев тәржіма барысында транскрипция, транслитерация, калька, сипаттама тәсілдерін ұтымды пайдаланауға тырысқан. Әрине, аудармашы кейбір сөздердің түпкі төркіні қайдан шыққанын толық қарастыр-мауынан, сөздің арғы сырын бере алмаған сәттері де жоқ емес (Golden Arka,body-guard, Golden Horde т.б.). Оған қоса, трилогияны ана тілінен яғни, түпнұсқа мәтінінен тікелей аударылмағанын да ескеру қажет. Алайда, оның мәтін соңына түсіндірме беріп, өзінің аударма тіліндегі оқырмандарына қазақ халқының тарихын, кең байтақ даласы мен мәдениетін барынша жеткізуге тырысқанын аңғарамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Влахов С,Флорин С. «Непереводимое в переводе».-М.1980.351с.
2. Супрун А.Е Экзотическая лексика. – НДФШ-ФН, 1958 №2.
3. Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. – М:Наука, 1993.
4. Ермагамбетова А.С Сущность и значение национальных слов-реалий в языке художественного произведения и способы их перевода На материале перевода романа-эпопеи М.О. Ауэзова "Путь Абая" на английский язык: диссертация ... кандидата филологических наук: 10.00.00. - Алма-Ата, 1972. - 201 с.
5. Реформатский А.А. Введение в языковедение. — М., 1967 [Reformatskij A.A. Vvedenie

v yazykovedenie. — М., 1967.]

6. Виноградов В.С. Лексические вопросы перевода художественной прозы. — М...убрать может быть? Издательство Московского университета, - 1978.

7. Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. —Алматы: Жазушы, 1986. Он томдық шығармалар жинағы. 6 том. 1 - 2 кітап. -600-б.

8. Esenberlin I. The Nomads: a novel-trilogy/transl. from Russian by O. Chorakaev. ISBN 978-601-7459-22-2.

СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ТОПОНИМОВ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ

Загидуллина А.А.

Казахский университет международных отношений и мировых языков

им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

aluth@mail.ru

Андатпа. Мақалада француз тіліндегі топонимдердің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері қарастырылған. Географиялық орналасу ерекшеліктері және оның әлемнің жалпы көрінісімен тығыз байланысы бұл санада семиотикалық модельдеу саласы екендігін көрсетеді. Бұл мақаланың мақсаты - топонимдерді метафоралық, салыстырмалы, фразеологиялық құрылымдарда қалай қолдануға болатындығын көрсету, француздардың басқа елдер мен континенттердің өкілдеріне қатынасын көрсету.

Тірек сөздер: француз тілі топонимдер, семиотика, лингвистикалық символизм, лингвистикалық және мәдени талдау

Abstract. The article discusses the sociocultural features of the rethinking of toponyms in the French language. Features of geographical affiliation and its close relationship with the general picture of the world leads to the fact that it is in the modern consciousness is a field of semiotic modeling. The purpose of this article is to show how toponyms can be used in metaphorical, comparative, phraseological constructions, fixing the attitude of the French towards representatives of other countries and continents.

Key words: French language, toponyms, semiotics, linguistic symbolism, linguistic and cultural analysis

Понятие географического пространства принадлежит к одной из форм пространственного конструирования мира в сознании человека. Возникнув в определенных исторических условиях, оно получает различные контуры в зависимости от характера общих моделей мира, частью которых оно является [1, с.297].

Слитность географического (локального) и этического элементов рождает ряд интересных положений. В процессе осознания вырабатывается определенная локальная этика. Например, локальный признак дальности, когда земля, путь в которую долог, воспринимается как прекрасная земля [1, с.303].

Топонимические исследования оказываются своеобразным мостом, соединяющим различные науки, поскольку они изучают специфический пласт лексики, занимающий особое место в системе каждого языка. [2, с.16]. Как показывает анализ литературы, в новой научной парадигме многие традиционные для лингвистики проблемы, в том числе проблемы онома-сиологии и семасиологии, проблемы функционирования и семантической нагруженности топонимов в разных типах текста и в разных дискурсивных